

**«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ  
Әлеуметтік ғылымдар факультеті  
Педагогика кафедрасы**



**«БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА БУЛЛИНГ  
ЖӘНЕ КИБЕРБУЛЛИНГТІҢ АЛДЫН АЛУ:  
ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕ»  
Халықаралық ғылыми семинар  
ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК  
Международного научного семинара  
«ПРОФИЛАКТИКА БУЛЛИНГА И КИБЕРБУЛЛИНГА  
В ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ОРГАНИЗАЦИЯХ:  
ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА»**

**Астана  
20 сәуір, 2023 ж.**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ  
МИНИСТРЛІГІ  
«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»  
КеАҚ  
ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР ФАКУЛЬТЕТІ  
ПЕДАГОГИКА КАФЕДРАСЫ**



**«БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА БУЛЛИНГ ЖӘНЕ КИБЕРБУЛЛИНГТІҢ  
АЛДЫН АЛУ: ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕ»  
Халықаралық ғылыми семинар  
ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК  
Международного научного семинара  
«ПРОФИЛАКТИКА БУЛЛИНГА И КИБЕРБУЛЛИНГА В  
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ОРГАНИЗАЦИЯХ: ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА»**

**Астана  
20 сәуір, 2023 ж.**

### **РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

**Сомжүрек Б.Ж.** - ғылыми семинар төрағасы, әлеуметтік ғылымдар факультетінің деканы;

**Асылбекова М.П.** - педагогика кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., профессор;

**Атемова К.Т.** - педагогика ғылымдарының докторы, профессор;

**Сейітқазы П.Б.** - педагогика ғылымдарының докторы, профессор;

**Шалғынбаева Қ.Қ.** - педагогика ғылымдарының докторы, профессор;

**Албытова Н.П.** - педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;

**Сламбекова Т.С.** - педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор,

**Шолпанкулова Г.К.** – педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;

**Жубакова С.С.** - педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;

**Жукенова Г.Б.** - педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;

**Махадиева А.К.** - философия докторы (PhD), доцент м.а.

### **ЧЛЕНЫ ОРГКОМИТЕТА:**

**Сомжүрек Б.Ж.** - председатель научного семинара, декан факультета социальных наук;

**Асылбекова М.П.** - заведующая кафедрой педагогики, к.п.н., профессор;

**Атемова К.Т.** - доктор педагогических наук, профессор;

**Сейітқазы П.Б.** - доктор педагогических наук, профессор;

**Шалғынбаева Қ.Қ.** - доктор педагогических наук, профессор;

**Албытова Н.П.** – кандидат педагогических наук, профессор;

**Сламбекова Т.С.** - кандидат педагогических наук, профессор;

**Шолпанкулова Г.К.** - кандидат педагогических наук, профессор;

**Жубакова С.С.** - кандидат педагогических наук, доцент;

**Жукенова Г.Б.** - кандидат педагогических наук, доцент;

**Махадиева А.К.** - доктор философии (PhD), и.о. доцента.

**УДК 378.1**  
**ББК 74.00**  
**Б. 94**

«Білім беру ұйымдарында буллинг және кибербуллингтің алдын алу: теория және тәжірибе» атты ғылыми семинар BR18574152 «Балаларға қатысты буллингтің алдын алу шараларын әзірлеу және оның өзекті аспектілерін зерттеу» тақырыбындағы 2023-2024 жылдарға арналған бағдарламалық мақсатты қаржыландыру аясында ұйымдастырылған.

**Б.94 «Білім беру ұйымдарында буллинг және кибербуллингтің алдын алу: теория және тәжірибе».** Халықаралық ғылыми семинар жинағы (Астана қ., 20 сәуір). 2023. 223– бет

**ISBN 978-601-337-842-8**

Жинаққа білім беру ұйымдарында буллинг және кибербуллингтің алдын алу шараларын әзірлеу және оның өзекті аспектілерін зерттеу мәселелері бойынша баяндамалар енгізілген.

**УДК 378.1**  
**ББК 74.00**

**ISBN 978-601-337-842-8**

© **Формула печати, 2023**

7. Тарасова С.Ю.Осницкий, А.К.Ениколопов, С.Н. Социально-психологические аспекты буллинга: взаимосвязь агрессивности и школьной тревожности // Психологическая наука и образование. 2016. Том 8. № 4. С. 102-116.

## **КҮШ КӨРСЕТПЕҢІЗ, СІЗ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТАН КҮШТІСІЗ!**

### **DO NOT BE STRONG YOU ARE STRONGER THAN VIOLENCE!**

**Абылкасимова А.Е., педагогика ғылымдарының магистрі,  
«А.Байтұрсынов атындағы № 20 орта мектебі» КММ педагог –  
психологы.**

**Серикбаева М.Н. - «А.Байтұрсынов атындағы №20 орта мектебі»  
КММ педагог – психологы, Өскемен қ.**

**Шайхымуратова И.Б. – докторант, Л.Н.Гумилев атындағы  
Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан Республикасы.**

**Аңдатпа:** Мақалада мектеп оқушылары арасындағы буллинг пен кибербуллингің алдын алу шараларын нақтылау мақсатында мектеп оқушыларынан алынатын психологиялық диагностика, сауалнаманың нәтижесі мазмұндалды. Себебі, буллинг пен кибербуллингің алдын-алу үшін жасалатын психологиялық диагностиканың маңызы зор және талдау жүргізу қажеттілігі көзделді.

#### **Annotation.**

The article contains the results of a psychological diagnosis and survey of schoolchildren in order to clarify measures for the prevention of bullying and cyberbullying among schoolchildren. The reason is that the psychological diagnostics performed for the prevention of bullying and cyberbullying are very important and the need for analysis considered.

**Кілт сөздер:** буллинг, зорлық-зомбылық, кибербуллинг, қорлау, кемсіту, жәбірлеу, физикалық күш көрсету және т.б.

**Keywords:** bullying, violence, cyberbullying, bullying, discrimination, harassment, physical violence etc.

Барлық балалар дамуға, білім мен тәрбие алуға, сонымен қатар зорлық-зомбылықсыз қолайлы жағдайларда өмір сүруге құқылы, және бұл мемлекеттің және әлеуметтік саясаттың басты міндеттердің бірі.

Бүгінгі таңда Қазақстанда зорлық-зомбылықтың көрсеткіштері күннен күнге өршіп барады. Балалар негізінен отбасында және мектепте психологиялық қысым көреді екен. БҰҰ Қазақстанда зерттеу жүргізген кезде елдегі балалардың 79% сәби күнінен бастап кемсіту мен қорлыққа тап болатынын

анықтаған.

Соңғы жылдары сандық технологиялардың дамуы себепті балаларға қатысты зорлық-зомбылық түрлеріне кибербуллинг немесе онлайн қорлау қосылған. Соның кесірінен жасөспірімдер ғаламтордағы белгісіз топтардың құрбанына айналып, тіпті араларында өз-өзіне қол жұмсайтындары да бар.

Буллинг –бұл жүйелі агрессия, улау. Буллингтің әртүрлі түрлері бар; тікелей және жасырын. Жасырын буллинг оқушыны елемеуін, оған байкот жариялауды, қарым-қатынастардан алып тастауды, жағымсыз естулер мен т.б білдіреді.

Физикалық зорлық-зомбылық-қасақана итермелеу, соққы, тепкі, ұрып-соғу өзге де дене жарақттарын салу және т.б сексуалдық буллинг жыныстық сипаттағы әрекеттерді білдіреді.

Психологиялық буллинг психикаға әсер етумен байланысты, ауызша қорлау немесе қорқыту, соңына түсу, қорқыту арқылы психологиялық жарақат алады, олар қасақана эмоциялық азап шегеді.

Кибербуллингті интернетте қарым-қатынас жасау, ұялы байланыс арқылы зақымдау ретінде бөлек атап өткен жөн. Кибербуллинг – адамды интернетте, әлеуметтік желі мен түрлі мессенджерлерде қорқытып, зорлық көрсету. Кибербуллингке кез-келген адам тап болуы мүмкін. Бірақ бұл тәсілмен шабуыл жасайтындар негізінен кәмелет жасына толмаған мектеп оқушыларын нысанаға алады. Өйткені, қорғансыз балалар қорыққанынан өзіне қысым жасалып жатқаны туралы ешкімге айтпайды. Тіпті ата-анасы мен жақындарына тіс жармай, шабуылшының айтқанынан шықпайды.

Зорлық-зомбылық агрессиясыз болмайды және агрессивті мінез-құлық мәселесін түсіну үшін оны және онымен байланысты түсініктерді анықтау елеулі мәнге ие болады. Агрессияшылдықты тұлғаға тән болатын мінез ретінде және агрессияны (агрессивті мінез-құлық) – субъектінің басқа адамға қандай да бір зиян келтіруге бағытталған қылықтарын немесе беталысы ретінде ажырату қажет.

Мектептегі оқушылар қарым-қатынасының нәтижесінде зорлық-зомбылық жағдайына тартылуы мүмкін. Әрбір оқушы зорлық зомбылықтың құрбаны, ренжітушісі немесе куәгері болуы мүмкін.

Әдетте ренжітетін балалар мен жасөспірімдер - бұл өзіне сенімді, топта үстемдік етуге және басқаларды бағындыруға бейім, моральдық және физикалық күш, эмоционалды импульсивті және ашу-ыза мен агрессия жағдайына оңай келетін, өз құрбандарына эмпатия деңгейі төмен, тек өз құрбыларына ғана емес, одан да үлкендерге ( мұғалім, ата-аналар, құқық қорғау органдарының өкілдері) жиі «түншықтыратын» балалар мен жасөспірімдер бола алады.

Отбасылық қолайсыздық, ата-аналармен шиеленіскен қарым-қатынас, оқудағы үлгермеушілік және сәтті отбасынан шыққан оқушыларға қызғанушылық доминантты балалар мен жасөспірімдердің мәртебесі үшін қауіп төндіру мүмкін.

Жалпы жаңа оқу жылының басында біз оқушылардан төмендегідей сауалнамаларды аламыз.

«Сыныптағы жағдай» сауалнамасы

Оқушыларды келесі сұрақтарға жасырын түрде жауап беруін сұраймыз:

1. Сіздің сыныбыңызды тату деп атауға бола ма? Неліктен?
2. Сіздің сыныпта психологиялық ахуал ұнайды ма? Неліктен?
3. Сыныпта нақты дос деп атауға болатын адам бар ма?
4. Сынып ішінде сіздің қарым-қатынасыңызды өзгерту керек деп ойлайсыз ба ?
5. Сіз сол мектепте, сол мұғалімдерден, бірақ басқа балалармен оқуға келісесіз бе ? Неліктен?

2.«Тамаша сыныптастар» сауалнамасы

Оқушыларға бірнеше сөйлемді жазбаша аяқтау ұсынылады.

Жасырын түрде жауап беруге болады.

Сұрақтар:

1. Менің ойымша, тамаша сыныптас ұл - бұл...
2. Менің ойымша, тамаша сыныптас қыз - бұл...
3. Бұл сыныптас ұл маған ұнамайды, себебі ол...
4. Бұл сыныптас қыз маған ұнамайды, себебі ол...

Осы екі сауалнамалар арқылы жалпы сыныптың психологиялық ахуалын білуге болады және сауалнама жауаптарына байланысты сынып жетекшілерге ұсыныстар айтуға болады.

«Оқушылардың мектеп өміріне қанағаттануын зерттеу» сауалнамасы

Авторы (А. А. Андреева)

Мақсаты: оқушылардың мектеп өміріне қанағаттану деңгейін анықтау.

Оқушыларға ұстанымдарды тыңдап, олардың мазмұнымен келесі шкала бойынша келісу дәрежесін бағалау ұсынылады: 4-нақты келісемін, 3-келісемін, 2-айту қиын 1 - келіспеймін , 0-мүлдем келіспеймін

Таблица1. Мектеп бойынша жиынтық кестесі:

№	Сауалнама сұрақтары	қыркүйек		қараша		ақпан		сәуір		Орташа көр.
		жоғ	орт	жоғ	орт	жоғ	орт	жоғ	орт	
1	Мен таңертең мектепке қуана барамын	60 %	40 %	75 %	25 %	85 %	15 %	90 %	10 %	7,5%
2	Мектепте әдетте жақсы көңіл-күйім болады	35 %	65 %	45 %	55 %	55 %	45 %	85 %	15 %	6,0%
3	Біздің сыныптың сынып жетекшісі жақсы адам	25 %	75 %	35 %	65 %	45 %	55 %	55 %	45 %	7,5,0%
4	Біздің мектеп мұғалімдеріне н кеңес алуға және өмірлік	30 %	70 %	45 %	35 %	55 %	45 %	50 %	50 %	5,5,0%

	қиын жағдайда көмек алуға болады.									
5	Менің сүйікті ұстазым бар	25 %	75 %	35 %	65 %	45 %	55 %	55 %	45 %	6,5,0%
6	Сыныпта мен әрқашан өз пікірімді еркін айта аламын	20 %	80 %	25 %	75 %	35 %	65 %	45 %	55 %	5,5%
7	Менің ойымша, біздің мектепте менің қабілеттерімді дамыту үшін барлық жағдай жасалған.	60 %	40 %	75 %	25 %	85 %	15 %	90 %	10 %	9,5%
8	Менің сүйікті мектеп пәндерім бар	50 %	50 %	65 %	35 %	75 %	25 %	90 %	10 %	8,5%
9	Менің ойымша, мектеп мені шын мәнінде дербес өмірге дайындайды.	25 %	75 %	35 %	65 %	45 %	55 %	55 %	45 %	5,5,0%
10	Жазғы каникулда мен мектепті сағынамын.	30 %	70 %	45 %	55 %	55 %	45 %	65 %	35 %	8,0%

**Қорытынды:** Сауалнама қорытындысы бойынша оқушылардың мектеп өміріне қанағаттану көрсеткіші көтерілгенін байқауға болады. Мектеп өміріне қанағаттанудың орташа дәрежесі жоғары дәрежеге көтерілгенін көруге болады.

Төмендегі сұрақтарға, біздің мектеп мұғалімдерінен қиын жағдайда көмек алуға болады? Мен таңертең мектепке қуана барамын деген сұрақтарға жауаптары жоғары болса. Менің ойымша, мектеп мені шын мәнінде дербес өмірге дайындайды және сыныпта мен әрқашан өз пікірімді еркін айта аламын деген сұрақтарға оқушылардың 45 % білмеймін деп жауап берді. Сауалнама қорытындысы бойынша алдын – алу, түзету және т.б жұмыстары атқарылады. Психологиялық – педагогикалық сүйемелдеу қызметі мамандарының



буллингті тиімді түзетуге мұғалімдер, ата-аналармен өзара қатынас кезінде мүмкіндік болады делінген, яғни жағдайға байланысты әрекет етудің әртүрлі стратегияларын қамтиды және сыныпта тұлғааралық қарым-қатынасты жақсартуға бағытталған белгілі бір іс-әрекет бағдарламасын әзірлейді:

- кикілжіңді төмендету;
  - қарым-қатынасты ізгілендіру;
- балалардың коммуникативтік дағдыларын дамыту;  
толеранттылықты қалыптастыру.

Буллинг құрбандарымен:

- Психоэмоционалды жағдайды тұрақтандыру;
- өзін-өзі бағалауды арттыру;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту,
- агрессияға әрекет етудің ықтимал тәсілдері туралы ақпараттандыру;
- психологиялық көмекке жүгінуге болатын мекен-жайлар мен сенім телефондарын беру.

Ал ата-аналармен де төмендегі сауалнамаларды алып, әртүрлі жұмыстар жүргізіледі.

Ата-аналардың білім беру ұйымының жұмысына қанағаттануын зерттеу әдістемесі

Авторы (А. А. Андреева)

Мақсаты: ата-аналардың білім беру ұйымының және оның педагогикалық ұжымының жұмысына қанағаттанушылық деңгейін анықтау.

Ата-аналарға ұстанымдарды оқып, келесі шкала бойынша олармен келісім дәрежесін бағалау ұсынылады:

№	Бекітулер шкала	0	1	2	3
1	Біздің бала оқитын сынып тату деп атауға болады				
2	Сыныптастарының ортасында біздің бала өзін жайлы сезінеді				
3	Педагогтер біздің балаңызға мейірімділікпен қарайды				
4	Біз баланың мектеп әкімшілігімен және мұғалімдерімен қарым-қатынаста өзара түсіністік сезімін сезінеміз				
5	Біздің бала оқитын сыныпта сынып жетекшісі жақсы				
6	Педагогтер біздің баланың оқудағы жетістіктерін әділ бағалайды				
7	Біздің бала шамадан тыс оқу сабақтарымен және үй тапсырмаларымен жүктелмеген				
8	Мұғалімдер біздің баланың жеке				

	ерекшеліктерін ескереді				
9	Мектепте балаларға пайдалы және қызықты іс-шаралар өткізіледі				
10	Мектепте үйірмелер, секциялар жұмыс істейді				
11	Педагогтер біздің баламызға терең және берік білім береді				
12	Мектепте біздің баланың физикалық дамуы мен денсаулығына қамқорлық жасалады				
13	Мектеп баламыздың мінез-құлқын қалыптастыруға лайықты ықпал етеді				
14	Әкімшілік пен мұғалімдер баламыздың қабілеттерінің дамуына жағдай жасайды				
15	Мектепте баланы өз бетінше өмір сүруге дайындайды				

Оқушылар арасындағы зорлық-зомбылық мәселесі бойынша ата-аналарға арналған сауалнама

1. Мектептегі зорлық-зомбылық мәселесі бар деп ойлайсыз ба?
2. Сіздің балаңыз қандай зорлық-зомбылық түрлерімен кездесті?
3. Сіздің отбасыңызда зорлық-зомбылық мәселелері талқыланады ма?
4. Оқушылар арасында зорлық-зомбылықтың әртүрлі түрлерінің пайда болуының негізгі себептері неде?
5. Мектептегі зорлық-зомбылықты жеңу мәселелерін шешудің қандай жолдарын ұсынасыз:

А) сыныпта зорлық-зомбылық мәселелерін талқылау

Б) мектептегі тәртіпті күшейту

В) бақылау мен қадағалауды жақсарту

Г) өз нұсқаңыз

Психологиялық – педагогикалық сүйемелдеу қызметі мамандарының буллингті тиімді түзетуге ата-аналармен өзара қатынас кезінде мүмкіндік болады, яғни жағдайға байланысты әрекет етудің әртүрлі стратегияларын қамтиды және сыныпта тұлғааралық қарым-қатынасты жақсартуға бағытталған белгілі бір іс-әрекет бағдарламасын әзірлейді:

Ата -аналармен

-сенімді байланыс орнату;

- балалардың мінез-құлқын өзгертуге әрекет етудің тиімді тәсілдері бойынша кеңес беру;

отбасындағы психоэмоционалдық ахуалды жақсарту бойынша ұсынымдар әзірлеу;

Қорытынды

Буллинг зорлық-зомбылықтың ерекше түрі болып табылады, оның нәтижесінде көңілсіздікке, демотивация, наразылық пен шеттелуге әкеледі,

бұл ұжымның басқа мүшелері немесе оның бөлігі тарапынан ұжым мүшелерінің бірін агрессивті қудалау. Буллинг физикалық және психологиялық түрде жүзеге асырылуы мүмкін. Барлық жастағы және әлеуметтік топтарда көрінеді. Мәселенің ауқымдылығы мен күрделілігіне қарамастан, білім беру жүйесі зорлық -зомбылықтың алдын - алу үшін үлкен мүмкіндіктерге ие. Оның кәсіби және ұйымдастырушылық ресурсы, әлеуметтік ықпал ету саласы тұлғааралық қарым-қатынаста және бірлеске қызметте зорлық -зомбылықты болдырмау және өзара сыйлауға негізделген мінез-құлық моделін қалыптастыру мақсатында білім беру процесінің барлық қатысушыларына кешенді және жүйелі ықпал етуді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Левин К. Разрешение социальных конфликтов / К.Левин; пер с англ. И.Ю. Авидон; науч. ред., вступ. Н.В. Грешиной. 2000. – 407 с.
2. Берковиц Л. Агрессия: причины, последствия и контроль. СПб., 2001
3. Козер Л.А. Функции социального конфликта. М., 2000
4. Лосский Н.О. Условия абсолютного добра. М., 1991